Сыр бойы

№55
(19733)
18 СӘУІР,
БЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

PREZIDENT

Қазақстан Президенті «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Қайрат Келімбетовті қабылдады.

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ҚАЛЫПТЫ

Мемлекет басшысына «Астана» халықаралық қаржы орталығының қаржы нарығын дамыту, қаржылық қызметтерді тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ, сауда және инвестициялық ынтымақтастық салаларындағы жұмысының негізгі қорытындылары жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының құрылуы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бір бөлігі екенін атап өтіп, жүктелген міндеттерді тиімді орындау қажеттігін айтты.

Қайрат Келімбетовтің ақпараты бойынша Орталықта барлық қажетті инфрақұрылым, соның ішінде «Астана» халықаралық қаржы орталығының соты, Халықаралық арбитраж орталығы, қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі және халықаралық биржа комитеті орналасқан. Тараптардың әлемнің кез келген нүктесінен «Астана» халықаралық қаржы орталығының соты мен Халықаралық арбитраж орталығына электронды түрде талап арыз беруіне мүмкіндік туғызатын Ejustice – онлайн-порталын іске қосу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қазақстан Президентіне елімізде инвестициялық ахуалды жақсарту үшін жасалған жағдайдың арқасында Қазақстанның қаржы орталығы GFCI қаржы орталықтарының жаһандық индексінде әртүрлі 102 халықаралық орталықтың ішінде 51-орынға көтерілгені туралы ақпарат берілді.

Соңында Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығын одан әрі дамытып, ілгерілету үшін бірқатар нақты тапсырма берді.

ÓNER

КӨРЕРМЕНГЕ ОЙ САЛҒАН ҚОЙЫЛЫМ

Нұр-Сұлтан қаласының Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры Қызылордада өнер көрсетуде.

Кеше елордалық өнер ұжымы «Ғасырдан да ұзақ күн» қойылымын ұсынды. Көрермендер қатарында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев та болды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Осыдан жиырма сегіз жыл бұрын «Ақан сері-Ақтоқты» трагедиясымен шымылдығын түрген театрдың әр қойылымы өз көрерменін тапқан. Ал Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» атты әйгілі туындысы 2003 жылы Халық Қаһарманы Әзірбайжан Мәмбетовтің режиссерлығымен сахналанады.

Спектакльде бұрынғы майдангер, қазіргі қарапайым теміржолшы Едіге досы Қазанғапты соңғы сапарға шығарып салады. Аманатына сай досын «Ана бейітке» жерлемек болған Едіге осы жолда сан қилы қиындыққа кезігеді. Ол ұлттық болмысын, дінін, тілін ұмытқан ұрпақты мәңгүртке теңейді. Иә, жуан-жуандардың жас Жоламанды адам айтқысыз азаппен мәңгүрт еткені белгілі. Ал бүгінгі мәңгүрттердің жайы тым басқа. Осынысымен де спектакльдің салмағы тым ауыр.

Айта кету керек, қойылымда басты кейіпкер Едіге мен Үкібаланы ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Болат Ыбыраев пен Бақыт Исабекова сомдады.

– Театр үшін Әзірбайжан Мәмбетовтің «Ғасырдан да ұзақ күн» туындысы тым құнды әрі құрметті. Спектакль басталғаннан-ақ режиссердің энергетикасы, ерен еңбегі бірден сезіледі. Бұл қойылымнан кейін, әсіресе жастардың «шығарма мені үлкен ойға жетеледі, мына дүниеге, адамдарға басқа көзбен қарай бастадым, кей қадамнан бас тарттым» дегенін жиі естиміз. Біздің туындының да басты мақсаты адамдарға ой салу болатын, – деді Бақыт Исабекова.

QUNDYLYQ

СӘСКЕДЕ САУМАЛ, БЕСІНДЕ ҚЫМЫЗ САПЫРҒАН

Қымыз ашытып, шұбат шайқап, қалаға әкеліп саудалап отырған шаруа қазақ аз емес. Ата-бабамыздың тұрмыс салты дәуір көшінен жылыстап бара жатқан заманда қазақтығымызды ұлт тінінен үзбей сақтап отырған да сол ауыл адамдары. Себебі біздің халқымыздың байлығы да, мәдениеті мен өнері де, ой-өрісі де төрт түлікпен бітеқайнаса дамыған.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» аталатын бағдарламалық мақаласында жылқыны қолға үйрету арқылы бабаларымыздың орасан зор үстемдікке ие болғандығы айтылады.

Демек, ат жаратып, бие байлауды қазақтан артық білетін ешкім жоқ. Әттең, тонның келтесі ме, қолдың келтесі ме, әйтеуір бір келтелігімнің бары анық. Әсем қаламыздың орталығында жарқ-жұрқ етіп тұрған әдемі ғимараттар, көрікті кешендер көп-ақ. Еріксіз бұрылып, бас сұғасың. Олардың төрінен тізіліп тұрған орыстың, немістің, украйнның, армянның арақ-шарабын көресің. Қақ ортасында көбігі билеп, сыра құйылып жатады. Мұндай көз арбаған орындардан аурудың емі, саудың қуаты болған қымыз бен шұбат кездеспейді. Оларды қаланың елеусіз көшелерінен, жалға алынған жатаған үйлерден изде.

Мен іздеп таптым, ол – Қызылорданың оңтүстік шетіндегі Мырқы Исаев көшесінде орналасқан «Қымыз-шұбат» дүкені. Осы жердің тұрақты тұтынушысы есебінде білемін, уақытша тұраққа қоныстанған «сырты – мыс, іші – алтын» бұл жайда құты-құты қымыз, шелек-шелек шұбат, қалта-қалта құрт, жент, ірімшік, айран, сүт, сарымай – ағарғаннан жасалатын дәм-тұздың барлық түрі самсап тұр.

Ұлттық тағамдар сатушысы Ұлболсынмен тілдесіп, кәсібінің баянын білуге көңілім ауды. «Бұл дүкеннің негізін салушы енемізбен сөйлескеніңіз дұрыс», – деп келін ибалылық танытты. Сөйтіп, біз Жаңақорған ауданының «Көлқұдық» ауылынан Мырзақұлова Шәрікүл апаны шақырттық.

4-бет

TÝRNIR

«КӨКТЕМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ» ЖАРҚЫРАЙДЫ

«Мұз айдыны» спорт кешенінде мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесіне арналған «Көктем жұлдыздары» атты ашық турнир өтті. Екі күнге созылған жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов, «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директоры Мұрат Мұстафаев қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.

Сайысқа Өзбекстаннан, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды және облысымыздан мәнерлеп сырғанаушылар келген. Байрақты бәсекеде 8 команда, 150-ге жуық спортшы бақ сынасты.

– Мәнерлеп сырғанау – спорттың ең әдемі түрі. Бұл жерде нәзіктік, ерекше дарын, шеберлік қажет. Біздің елде аталған спорттың дамуына жағдай жасалған. Осы күні 50-ден аса жас өздерін Элизабеттің ізбасарлары санап, мәнерлеп сырғанауға машықтануда. Бүгінгі шара қатысушыларының көптігі осының айғағы, – деді облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов.

Шара барысында «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директоры Мұрат Мұстафаев та Элизабет Тұрсынбаеваға жүрекжарды лебізін білдіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласынан келген 29 мәнерлеп сырғанаушының ішінде республикалық чемпионаттардың жүлдегерлері бар. Олардан жаттықтырушы Александра Брежнева зор үміт күтеді.

– Турнирдің ашылу салтанатының өзі жоғары деңгейде өтіп жатқан соң, әрі қарай пайымдай беріңіз. Ұйымдастырушыларға алғысым зор. Ал шәкірттеріме келсек, барлығы жеңіске лайық, – дейді ол.

Ашылу салтанатында жергілікті өнерпаздар ән шырқап, мерекелік көңілкүй сыйлады. Мұз айдынына Элизабет шыққанда жұрттың ықыласы ерекше болды. Қаршадай қыздың өнеріне дән риза туған елі тағы бір қошеметтің құшағына бөледі.

OILASY

КҮРІШ ӨНДІРІСІ: ЖЕРГІЛІКТІ СОРТТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Күріштен тұрақты мол өнім алуда сорттың және оның тұқым шаруашылығын жүргізудің маңызы өте зор. Сондықтан күріш өсіретін барлық елдер жоғары өнімді, жарма сапасы жоғары, ауруларға және жергілікті жердің топырақ- климаттық жағдайларына бейімделген сорттарын шығарып, өндіріске енгізуге көп көңіл бөлінеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде (Қытай, Үндістан, Жапония, т.б.) күріштің жүздеген сорттары шығарылған. Ол сорттар сол елдердің ауа райы мен топырақ ерекшеліктері әртүрлі аймақтарына бейімділігі бойынша аудандастырылады. Сонымен қатар, әр елдің күріштен ас әзірлеу дәстүріне байланысты жармасының қасиеттері әртүрлі сорттар сұранысқа сәйкес өсірілуі де мүмкін. Мысалы, Оңтүстік Шығыс Азия елдері көбіне күріштің «Индика» түр тармағына жататын ұзын дәнді сорттарын егеді, ал Еуропа, Америка, Ресей, Жапония елдері мен біздің елде «Японика» түр тармағына жататын қысқа дәнді сорттардың үлес салмағы басым болып келеді.

Күріш әлемде жалпы екі түрлі әдіспен: көшеттеп өсіру және құрғаққа немесе суға дәндерін сеуіп өсіру әдістері қолданылып өсіріледі. Осыған байланысты аталған технологияларға бейімделген сорттар егілуі тиіс.

Қазіргі кезде жоғары өнімді шетелдік сорттарды жергілікті жағдайларға бейімдеп өндіріске енгізу (трансферт) мәселесі айтылып жүр. Әрине, бұл бағытты да теріске шығармай, біздің жерде жоғары өнім бере алатын сорттардың мүмкіндігін пайдалануға әбден болады. Алайда, селекциялық жұмыстар түрлі әдістерді, оның ішінде, негізінен, будандастыру әдісі арқылы ұзақ жылдар бойы жүргізіледі. Осы жылдары болашақ сорттар жергілікті жердің қолайсыз стрестік жағдайларында түрлі сынақтан өтеді. Соның арқасында селекциялық питомниктерде 7-8 жыл зерттелген жүздеген үлгінің ішінен оншақтысы таңдап алынып, 2-3 жыл бойы конкурстық сынақтан өтеді. Осы үлгілердің ішінен болашақ сорт болуға лайықты 1-2 үлгі мемлекеттік сортсынаққа беріледі де, сонымен қабат өндірістік сынақтан өтеді. Бұл үлгілер перспективті сорттар ретінде тіркеліп, олардың сорттық технологиялары әзірленеді.

Сондықтан, біздің жерде экологиялық сынақтан өтпеген шетелдік сорттардың ауа райы қолайсыз кейбір жылдары пісіп-жетілмей қалуы, немесе сиреп қалуы кездесіп тұрады. Тіпті осы жағдайлардың әсерінен өнім бермей қалу қаупі бар. Мысалы, өткен жылы байқалған көктемгі қолайсыз ауа райы мен су тапшылығының салдарынан облыста көп көлемде егіліп жүрген Ресейдің «Лидер» сорты жекелеген шаруашылықтарда толық піспей қалды. Ал жергілікті жерге әбден бейімделген «Маржан» сорты барлық жерде де қалыпты өнім берді.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2019

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2019 жылдың екінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны жүргізілуде.

Облыстық "Сыр бойы" газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3000 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4000 теңге.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және «Сыр медиа» ЖШС-ның баспасөз бөлімінде (С. Бейбарыс көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.

ÚNDEÝGE ÚN QOSTY

9 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ



ҚОҒАМДАҒЫ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БЕКІТЕДІ

Төрткүл дүниенің ең негізгі мәселесі – қауіпсіздік болып тұрған кезеңде Қазақстанның президенттік сайлау өткізу туралы шешімі ішкі жағдайда және халықаралық деңгейде ел қауіпсіздігін сақтап қалу және жарқын болашақ үшін жасалған стратегиялық шешім болды. Президент үндеуіне пікір білдірушілер бұл сайлау демократияны дамытуда елеулі рөл атқарады деген ойда. Солардың бірі саяси ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университетінің профессоры Мұрат Насимовке бірнеше сауал қойған едік.

– Еліміздегі биліктің ауысуына байланысты болған саяси өзгерістерді қалай бағалайсыз?

– Осы уақытқа дейін отандық сарапшыларды еліміздегі биліктің ауысуына байланысты пікірлер мазалап келді. Елбасының ақпан айының басында Конституциялық кеңеске Мемлекет басшысының өкілеттігін тоқтатуға байланысты өтініш бергенде, саясаттанушы ретінде көптеген ойлар мазалады. Сарапшылардың басым бөлігі алдағы уақытта өзгерістердің болатынын сезгенін де жасыра алмаймын.

Жалпы саяси процестер – саясаттың серпінділігін танытатын негізгі сипаттама. Сондықтан саяси процестердің орнықты жүзеге асуында саяси өзгерістердің орны бөлек деп атауға негіз бар. Өзгерістер саяси дамудың ілгерілеуіне де ықпал етеді. Бұл өз кезегінде еліміздің әлеуметтік және саяси жаңғыруына жол ашады. Демек, бұл саяси өзгерістер Елбасының бастаған саясатын жалғастыруға жол ашатын бастама деп білемін.

Елбасының халыққа үндеу жариялап, Конституцияға сәйкес Президенттің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда оның өкілеттігі қалған мерзімі аяқталғанға дейін Сенат төрағасына беруі елін ойлаған саясаткердің шешімі деп түсінемін. Әрине, кезекті сайлауды күтіп, биліктің ауысуына болар еді. Бірақ мұндай жағдайдағы саяси ахуалды болжау қиынға соғады. Тұңғыш Президенттің билікті бейбіт түрде ауысуға ықпал етуі және әлемдік қауымдастық білетін дипломатты лайықты азамат ретінде сенім білдіруі – Елбасының кезекті жетістігі.

– Ішкі және сыртқы саясатта сабақтастықты қалыптастыруда кезектен тыс сайлаудың рөлі қандай?

– Президент сайлауы республикалық мемлекеттік басқару формасына тән таңдау екендігін баршамыз білеміз. Жалпы Елбасының Қазақстан халқына үндеу жариялап, Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттілікті тоқтату жөніндегі шешіміне тек посткеңестік елдер ғана емес, бүкіл әлем ерекше мән берді. Елбасының бұл шешіміне тек мән беріп қана қоймай, әлемдік қауымдастық жоғары бағалады. Сондықтан алдағы өтетін кезектен тыс сайлауға әлем назары біздің елімізде болатындығы анық.

Біз бұл сайлау барысында ішкі саяси тұрақтылығымызды сақтауға мән беруіміз керек. Осы жағдайда ғана Елбасы бастаған сыртқы саясаттағы жетістіктерімізді жалғастыра аламыз деп ойлаймын. Халық Президент ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын нақтылайтын ең жоғары лауазымды тұлға екендігін ұмытпауы тиіс. Кезектен тыс сайлауда лайықты тұлғаны таңдағанда ғана қоғам үшін маңызды барлық салаларда зор жетістіктерге жетеміз.

– Президенттің өзі сайлаудың еркін, ашық өтуіне кепілдік берді. Бұл саяси науқан қоғамның саяси санасының тез өсуіне қаншалықты ықпал етпек?

– Бүгінде еліміз тарихи сәтті бастан өткеріп жатқандығы анық. Билік Конституцияға сәйкес бейбіт түрде ауысып отыр. Бұл халқымызға тән бейбітсүйгіштігіміздің белгісі деп түсінуіміз қажет. Президенттің кезектен тыс сайлау өткізу туралы шешімі және оның еркін, ашық өтуіне кепілдік берілуі еліміздегі демократияны бекітудегі маңызды қадам. Еркін, ашық түрде өткен сайлау ғана мемлекетіміздің даму стратегиясын жалғастыруға және әлеуметтік бағдарламаларды сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл кепілдік ішкі және сыртқы саясатымыздағы тұрақтылықты сақтауға сенімділік беріп, еліміздің ілгері дамуына жол ашады және қоғамдағы саяси тұрақтылықты бекітеді.

Қоғамның саяси санасы – өте күрделі құбылыс. Мұнда белгілі бір тарихи дамудағы қоғам мүшелерінің елеулі әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани-адамгершілік мұқтаждықтары мен мүдделері көрініс тауып, саяси идеялар, пікірлер, құндылықтар, ойлар мен көзқарастарды біріктіреді. Сондықтан қоғамның саяси санасы сайлаудың еркін, ашық түрде өтуімен тікелей байланысты болмақ.

Сұхбаттасқан Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы».

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҮЗДІК БЕС ӨҢІРДІҢ ҚАТАРЫНДА

Соңғы 6 жылда мұнай мен газ өндіру көлемінің төмендеуіне қарамастан, Қызылорда облысы осы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша республиканың қарқынды дамып келе жатқан өңірлерінің үздік бестігіне кіреді: өңдеу өнеркәсібінің даму қарқыны, экономикаға инвестиция тарту көлемі, құрылыс жұмыстарының көлемі және тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша аймақтың өсу көрсеткіштері республикада орташа көрсеткіштерден жоғары.

Сейсенбіде Үкімет отырысында 2019 жылғы қаңтар-наурыз аралығындағы елдің әлеуметтік - экономикалық дамуының қорытындылары айтылды. Ұлттық экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, Қызылорда облысы өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны, экономикаға инвестиция тарту, құрылыс жұмыстары мен тұрғын үйді пайдалануға беру бойынша – көшбасшылар қатарында.

«2019 жылдың I тоқсанында негізгі капиталға салынған инвестиция 84 млрд теңгені құрап, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 2,3 есеге өсті. Бұл республика бойынша ең үздік көрсеткіш (республикада орташа өсім 7% құрады)», – дейді облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев.

Өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі 4,1 млрд теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,3 есеге өсті.

«Жалпы, соңғы 6 жылда өңдеу өнеркәсібі өнімінің өндіріс көлемі 71%-ке артты. Бұл көрсеткіш республикада аталған кезеңде орташа есеппен 16,2% құрайды», – деп атап өтті Р.Сұлтангереев.

Құрылыс саласында да оң серпінге қол жеткізілді. Мәселен, орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 20,4%-ке ұлғайды, ал республикада орташа өсу көрсеткіші 8,9%-ті құрап отыр. 126 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ке артық. Естеріңізге сала кетейік, 2018 жылы Қызылорда облысы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі бойынша рекордтық көрсеткішке қол жеткізді, яғни 700 мың шаршы метр баспана бой көтерді.

«2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында құрылыс жұмыстарының көлемін арттыру (120,4%) Арал және Қазалы аудандарында газ және мұнай магистральді құбырлары, компрессорлық станция құрылысы, Шалқия кенішінде сыртқы электрмен жабдықтауды қайта құру, Сырдарияның сол жағалауындағы құрылысты дамыту есебінен жүзеге асырылды. 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында тұрғын үйлерді пайдалануға беру өсімі жеке тұрғын үйлерді пайдалануға беру есебінен 12,9 процентке артты. Бұл халықтың мүмкіндігінің, табысының артқанын көрсетеді», – деді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағамбетов.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ САЛМАҚТЫ САЯСАТ

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында дүние жүзі мемлекеттері үшін әлемдік қаржы дағдарысы секілді ауыр сынақтар болып өткені белгілі. Елдер мен континенттерді титіренткен жаһандық дағдарыс бұл адамзат әлі біліп болмаған айрықша құбылыс еді. Ол әлем тарихында теңдесі жоқ барлық экономикалық бастауларды түбегейлі өзгертетін құбылыстар санатына жатқызылды. Әлем мемлекеттері дағдарыстан шығу кілтін іздестіре бастады. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен тұрақты түрде өзінің салмақты саясатымен ерекшеленді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Ғаламдық шақырулар және Елбасының дағдарысқа қарсы саясаты» тақырыбында өткен эксперттік талқылауға қатысушылар бірауыздан осындай пікір білдірді. Университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректорының міндетін атқарушы Қали Омаров жүргізген эксперттік талқылауға осы білім ордасының М.Елпанова, А.Ахметова, А.Наурызбаев, А.Шайнұров, Ә.Жаппасбаев, Н.Қусаева және В.Мирсаякова сынды ғалымдары қатысып, тақырыпқа байлынысты, өздерінің ойларын ортаға салды.

Спикерлер өз сөздерінде тарихтағы талай елдердің тәжірибесі көрсеткендей, тамыры тереңге кеткен қаржылық дағдарыстан шығу мен тұрақты әлеуметтік экономикалық дамудың даңғылына түсу әрдайым алысты көздеген, мұқият ойластырылған ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды айқындаудан бастау алатынын жеткізді. Олар, сондай-ақ, Қазақстанның дамуына басты серпін берген Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы болғанын айрықша атап өтті. Бұл құжат стратегиялық мақсаттар мен міндеттірді пайымдаған маңызды серпіліс болды.

«СБ» ақпарат.

Оралмандар мәселесін ұзарту туралы

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 16 наурыздағы этникалық қазақтардың проблемалық мәселелерін шешу бойынша тапсырмасына сәйкес орталық және жергілікті атқарушы органдарға оралман мәртебесінің мерзімі өткен этникалық қазақтарға жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын беру жөнінде жұмыстар жүргізу тапсырылды.

Оралман мәртебесін беру немесе ұзарту мәселелері әкімдіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен азаматтықты жеңілдетілген тәртіппен алу үшін мерзімі бұзылуына қарамастан оралман мәртебесі ұзартылады.

Аталған жұмысты жүргізу мерзімі 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүзеге асыру көзделген.

КҮРІШ ӨНДІРІСІ: ЖЕРГІЛІКТІ СОРТТЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

Сол себепті, күріш өсіретін әрбір аймақта, әсіресе басқа жерлердің, оның ішінде Ресейдің, топырақ-климат ерекшеліктеріне ұқсамайтын біздің облыста жаңа сорттар жергілікті жер жағдайында шығарылғаны абзал. Облыстың климаты күрт континентальды болып келеді, яғни ауа райы күрт өзгеріп тұрады. Көктем мен күз айларында күн мен түннің температурасындағы айырмашылық өте көп, ал жаз айлары өте ыстық болады. Оның үстіне, аймақтағы күріштік жерлердің топырақ тұздылығы жоғары болып келеді. Облыстық агроөнеркәсіп кешенін ғылыммен қамтамасыз ететін бірден-бір ғылыми мекеме – Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары соңғы жылдары күріштің жаңа, жергілікті жерге бейімделген, жоғары өнімді «Сыр Сұлуы» және «АйКерім» сорттарын шығарып, мемлекеттік сортсынаққа берді және бұл сорттардың тұқымын жеделдетіп көбейтуде. Аталған сорттар «Мағжан и К», «Таң», «Агротехнология», «Ер Әлі» секілді шаруашылықтарда да өндірістік сынақтан өтуде.

«Сыр Сұлуы» сорты – 105-110 күнде ерте пісетін сорттарға жатады. Өсімдік биіктігі орташа 95-100 см шамасында, ал масағы салалы 18-21 см дейін жетеді.

Бұл сорттың дәндері ірі болып келеді. Мысалы, дәнінің ірілігі орташа «Лидер» сортының 1000 дәнінің массасы 31-32 г болса, «Сыр Сұлуы» сортының бұл көрсеткіші 35-36 г құрайды. Жалпы жарма шығымы өте жоғары – 72-73 %, ал сорттық жармасы 62-64 %-ке жетеді.

«Сыр Сұлуы» тұздылыққа және төмен температураларға төзімді. Алғашқы өсу қарқыны жоғары болғандықтан және терең су қабатын жарып шығу қабілеттілігіне байланысты өсімдік көгі біркелкі тез өсіп шығады. Сол себепті, бұл сорттың себу нормасын гектарына 200-230 келіден асырмай себуге болады.

Конкурстық сортсынақта сорттың өнімділігі гектарына 70-80 центнерге жетіп, стандарттан 4-7 центнер артық өнім берді. Сорт жоғары агрофонда жақсы өнім береді. Ең жоғары өнім түптену фазасының басында және аяғында азот тыңайтқышымен үстеп қоректендіргенде алынды. Бұл сортты Қазақстанның күріш өсіретін барлық аймақтарында егуге болады.

«АйКерім» орташа мерзімде (110-115 күнде) пісетін жоғары өнімді сорттарға жатады.

Сорт өсімдіктері биіктігіне қарамастан, жығылуға төзімді, ал масағы өте салалы, ұзындығы 23-25 см дейін жетеді. Бір масақтағы дән саны 150-170 дана, ал 1000 дәнінің массасы 32-33 г, яғни ірілігі «Маржан» сорты дәндерімен шамалас болып келеді. Дәндерінің шыны түстілігі жоғары – 90-92%. Жалпы жарма шығымы – 68-70%, ал ондағы бүтін ядросы 80-85 % құрайды.

Сорт бастапқы өніп-өсу кезеңінде салқындық пен су қабатының тереңдігіне, саңырауқұлақ аурулары мен тұздылыққа төзімді. Конкурстық сынақтан өткен жылдары гектарына 80-85 центнерден өнім берді.

«АйКерім» минералды тыңайтқыштардың орташа және жоғары дозаларында, көпжылдық шөптердің қыртысы мен аударма қыртысында жоғары өнім береді.

Солтүстік және орталық аймақтарда тұқымын сеуіп суға бастыруды 10 мамырға дейін, ал біздің облыстың оңтүстік аймағы мен Түркістан облысында 15 мамырға дейін аяқтаған дұрыс.

Бұл сортты, негізінен, орталық және оңтүстік аймақтарда өсірген тиімді.

Қорыта айтқанда, жергілікті селекцияның «Сыр Сұлуы» және «АйКерім» сорттарын ауа райының қолайсыз жағдайлары мен топырақ ерекшеліктерінен көп қауіптенбей, облысымыздың барлық күріш өсіретін шаруашылықтарында егіп, тұрақты мол және сапалы өнім алуға толық мүмкіндік бар.

Қ. БӘКІРҰЛЫ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Қазақ Ауылшаруашылығы академиясының корреспондент-мүшесі.

1-бет

AKTSIIA

ҚОЛДАУ БІЛДІРДІ

Сырбойылық медицина қызметкерлері кезектен тыс Президент сайлауын қолдайтындарын білдіріп акция өткізді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Облыстық көпбейінді аурухананың мәжіліс залында өткен акцияның ашылуында аурухана бас дәрігері Н.Әмитов сала қызметкерлерінің ел болашағы үшін жасалған маңызды қадамға жауапкершілікпен атсалысатынын атап айтты.

– Облыстың денсаулық сақтау саласы, оның ішінде медицина қызметкерлері қоғамдағы әр құбылысқа сергек қарайды. Салада саяси көзқарасы қалыптасқан, еліміздегі іргелі оқиғаларға өзіндік пікір білдіре алатын жиырма мыңға жуық маман жұмыс істейді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы үндеуіне үн қосып, сайлауға қолдау білдіреміз,– деді ол.

Денсаулық саласының ардагері Амангелді Қадырбаев тәуелсіздіктің жеңісі мен жемісін атап айтып, денсаулық саласының жеткен жетістіктеріне тоқталып өтті. «Бір кездері арман болған медициналық құрал-жабдықтар бүгінде ауылдарға жетті. Бұл – тәуелсіз ел дамуындағы жетістігіміздің бірі» деген сала ардагерінің пікірін әріптестері де бірауыздан қолдады.

Қызылорда жоғары медициналық колледжі «Жастар ісі» ұйымының төрағасы Раушанбек Шарапатұлы жастардың да қоғамдағы өзгеріске бейжай қарай алмайтындығын жеткізіп, тәуелсіз ел дамуына үлес қосуға әзір екендіктерін білдірді. Тәуелсіз елімізде жастардың білім алуына, мамандық игеруге, тіпті шетелде білім алуға мүмкіндік бар екенін атап айтты. «Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұрпағымыз» деген жастар өкілі замандастарын ел болашағын баянды ететін сайлауды қолдауға шақырды.

KÁSIP PEN NÁSIP

«ШІРКЕЙЛІДЕ ЖАСАЛҒАН» ӨНІМДЕР ел кәдесіне асып келеді

Сырдариялық жұртшылық құрылысқа қажетті өнімдерді алыстан іздемейтін болды. Керектінің көбі таяқ тастам жердегі Шіркейліден табылып тұр. «Шіркейлі» жеке кәсіпкерлігінің цехында жаңбырлы сылақ, құйылмалы еден, кафельге арналған желім, левкас тәрізді өнімдер шығарылуда.

Дәулет ҚЫРДАН.

Нұрсұлтан Сайлаубаев мұнда цех ашылғалы жұмыс істейді. Бір жыл бұрын жұртшылыққа дайын өнім ұсына бастаған мекемеге бүгінде тапсырыс ауқымы артқан. Тіпті, жігіттер екі ауысым бойынша еңбек ететін болды. Цехта барлығы 8 қызметкер бар.

– Небәрі бір жылда айналаға танылып үлгердік. Облыстың әр аумағынан келіп, тапсырыс беретіндер бар. Бейнетіміздің қайтарымы шығар, жалақымыз уақытылы. Бастысы, жауапкершілік. Әр адам өз жұмысына мұқият болса, біздің алмайтын асуымыз қалмас, – деді цех меңгерушісі Н.Сайлаубаев.

Алдағы уақытта құрылысқа қажетті қара қағаз бен эмульсия шығару жоспарда тұр. Ал керек қоспаларды Қызылорда қаласынан алдырады. Жеке кәсіпкер Сейтқамал Сұлтановтың бастамасымен іске асып отырған жоба ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтумен қатар, елді мекеннің атын шығаруда. Болашақта әлі де тың жобалар дүниеге келмек екен.

– Цех иесі қара қағаз шығаратын аппаратты алдырып қойған. Енді тек өнім өндіру қалды. Жалпы ауылда кәсіпкерлікке көзқарас бөлек. Қазір «менің мынадай жобам бар еді» деп кеңес сұрап келетін жандардың қатары артқан. Бұл өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына септесетініне сенемін. Өткен жылы «Jas prodject» жобасы бойынша ауылда екі жасымыз жеңімпаз атанды. Бірі кіші футболдан команда жасақтап, салауатты өмір салтын қалыптастырып жатса, екіншісі, қолөнер саласы бойынша жұмыс істеуде, – дейді ауыл әкімі Талғат Құланқадыров.

Ауылда сонымен қатар 7 азамат «Бизнес-Бастау» бойынша оқыса, 6 тұрғын «Бизнес кеңесші» жобасы бойынша 240 мың теңгеден қайтарымсыз қаражатқа ие болды.

Шіркейлілік ағайын кәсіпке мықтап ден қойып жатыр. Кондитерлік цех, балық шаруашылығы, көлік жөндеу орталығы тәрізді жобалар бұл күнде жолға түскен. Ауыл әкімінің айтуынша, жыл санап жоба тапсырушылар қатары да артып келеді.

Сырдария ауданы.

TILSIZ JAŃ

ПАРИЖДЕГІ АЛАПАТ ӨРТ



Апта басында Парижде қайғылы жағдай орын алды. Әлемге әйгілі Нотр-Дам де Пари соборы отқа оранды. «Париждегі Құдай Ана» деп аталатын бұл собор тек Францияның ғана емес, жалпы Еуропаның беткеұстар сәулет өнері туындыларының бірі саналатын. Шіркеудің іргетасы Папа III Александрдың кезінде 1163 жылы қаланып, құрылысы екі ғасырға созылды. Былтыр оның 850 жылдығы аталып өткен болатын. Франция символдарының бірі саналатын шіркеу ондаған соғыстардың, оның ішінде 100 жылдық соғыстың, екі дүниежүзілік соғыстың, 6 революцияның куәгері.

Нотр-Дам де Пари 15 сәуір күні жергілікті уақыт бойынша кешкі сағат жеті кезінде өртене бастаған. Шіркеудің емен ағашынан жасалған бөренелері лезде жанып кетті. От жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан монументтің жоғарғы бөлігінен шыққан. Өртті сөндіруге 400 өрт сөндіруші мен 15 арнаулы көлік қатысты. Құтқарушылар шалт қимылдап, құнды заттардың үштен бір бөлігін сыртқа аман алып шықты. Жылына 13-14 миллион адам кіретін тарихи ғимараттың төбесі мен мұнарасы өрт басталған бірнеше сағаттан соң құлады. Өрт 8,5 сағатта сөндірілді. 16 сәуір күні түнде Франция ішкі істер министрлігінің мемлекеттік хатшысы Лорна Нуньес өрттің беті қайтқанын хабарлады. «Ғимарат құрылымын жойылудан аман алып қалдық. Дегенмен, өрт сөндірушілер таңға дейін жұмыс істейді» деді ол. Шіркеу төбесінің үштен бірі құлағанына қарамастан, ғимарат конструкциясының негізі бөлігі аман қалған.

Париждегі қайғылы жағдай ұлттық трагедия деп танылды. Өрт болып жатқан уақытта париждіктер өртенген шіркеу маңында құлшылық етіп, егіліп жылап тұрды. Франция президенті Эммануэль Макрон: – Біздің тарихымыз әрі келешегіміз секілденген Нотр-Дамның отқа орануы қабырғаны қайыстырады. Қызыл жалынмен күресуге жұмылған 400-ден астам өрт сөндіруші бірнеше сағат бойы арпалысты. Бұл оқиға барлық католиктер мен бүкіл француздар үшін орны толмас өкінішке айналғаны анық. Шіркеуді қалпына келтіру үшін бар күшімізді салатынымызға уәде беремін. Ертеңнен бастап қаржы жинау жұмыстары басталады, – деді. Франция тарихи орындармен байланысты жұмыс істейтін Мұра қоры шіркеуді қалпына келтіру үшін ұлттық қайырымдылық акциясы басталатынын жариялады. Президент өртті «сұмдық трагедия» деп атағанымен, «бұдан да ауыр болуы мүмкін жағдайдың алдын ала алдық» деді.

Шіркеуді қалпына келтіру үшін жалпыұлттық қаржы жинау сол күні-ақ басталды деуге болады. Бір француз отбасы бұл мақсатқа 100 миллион еуро бөлетінін айтты. Шіркеуді қалпына келтіруге ЮНЕСКО да атсалысатынын мәлімдеді.

Парижде орын алған трагедияға байланысты әлемнің көптеген елдерінің басшылары шынайы көңілдерін білдіріп, өздерінің жүрекжарды лебіздерін жеткізді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Франция президенті мен халқына француз және әлем мәдениетінің ерекше ескерткіші – Париждегі Құдай Ана ғибадатханасының өртке орануына байланысты көңіл білдіремін», – деп жазды.

Еурокомиссия президенті Жан-Клод Юнкер «Нотр-Дам де Пари – бүкіл адамзаттың мұрасы. Ол дүниежүзінің қаншама жазушысын, суретшісін, философын және көруге келген адамдарды шабыттандырды. Өзекті өртеген оқиға. Мен француз халқының қайғысына ортақпын. Бұл біздің де қабырғамызды қайыстырады» деп өкінішін жеткізсе, Еурокеңес төрағасы Дональд Туск «Нотр-Дам де Пари – бұл бүкіл Еуропаның шіркеуі. Біздер, бәріміз Парижбен біргеміз» деді.

Сарапшылар мен мамандар Нотр-Дам де Париді жөндеу жұмыстарына 5 жылдан астам уақыт кететінін айтады. Франция мемлекеті бұл қиындықты жеңетініне сенеміз.

Әзірлеген
Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

18-21 сәуір

QAZAQSTAN

Бейсенбі, 18 сәуір

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
6:00 «Tańsholpan»
9:00 «Hit Qazaqstan»
9:55 «Элвин мен алақоржындар»
10:15, 16:55 «Kim bilgir?»
11:05, 20:50 «Үзілмес үміт»
12:00, 16:00, 19:00 , 23:30, 2:00 Aqparat
12:15 «Beinesaz»
12:35, 21:50 «Ертұғырыл»
13:40, 18:10 «Іздедім сені»
14:30 «Shańyraq»
16:15 Elden habar
16:30 «Jarqyn beine»
17:40 «Końil tolqyny»
19:55 «Qareket»
22:50 «Tungi studio»
23:30 «Końil tolqyny»
23:50 Футбол
2:50 «Достар»
3:20 «Жүрекке жол»

Жұма, 19 сәуір

5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
6:00 «Tańsholpan»
9:00, 1:30 «Hit Qazaqstan»
9:55 «Элвин мен алақоржындар»
10:15, 16:50 «Kim bilgir?»
11:05, 20:50 «Үзілмес үміт»
12:00, 16:00, 19:00 , 23:30, 2:00 Aqparat
12:15 «Beinesaz»
12:35, 21:50 «Ертұғырыл»
13:40, 18:10 «Іздедім сені»
14:30 «Shańyraq»
16:20 «Końil tolqyny»
17:40, 2:55 «Александр Колядинның алтын соқпағы»
19:55 «Qareket»
22:50, 3:25 «Parasat maidany»
0:15 «Достар»
0:45 «Жүрекке жол»
2:20 «Jarqyn beine»

Сенбі, 20 сәуір

5:05 «Ulttyq arnada – umytylmas ander»
6:30 «Айналайын»
7:40, 2:35 «Końil tolqyny»
8:00 «Dara jol»
9:10 «Senbilik tań»
10:10 «Shipager»
11:00, 1:45 «Hit Qazaqstan»
12:00 «Dastarhan»
12:30 «Әзіл әлемі»
14:15 «Мұздағы жалын»
16:50 «Jaidarman»
19:00, 3:15 «Masele»
19:40 «Bey»
21:10 «Qaiyrly kesh, Qazaqstan!»
22:40 «JańǴyryq»
23:55 «28 күн»

Жексенбі, 21 сәуір

5:05 «Qaiyrly kesh, Qazaqstan!».
6:25 «Айналайын»
8:05 «Aqsauyt»
8:30 «Tańsholpan»
9:50, 0:30 «Dara jol»
11:05 «Uly dala sazy»
12:20 «Тұлға»
12:50 «Жаңа қоныс»
14:00 «Сағын»
15:30 «Мұздағы жалын»
17:15 «Końil tolqyny»
17:40 «Jahan-sarap»
18:00, 3:05 «Minber»
19:00 «Арта»
20:00 «Azil alemi»
22:10 «Әндер мен жылдар»
1:35 «Bey».

QYZYLORDA

Бейсенбі, 18 сәуір

7:35, 23:50 “Сіз білесіз бе?”
8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости
9:00 “Хайди”
9:20 “Рэй бастаған құтқарушылар”
9:45, 22:25 “Қиялшы дәрігер Ким Сабу”
10:55, 20:20 “Таңдау”
11:40 “Ботақан”
12:00 “Өмірдің өзі...”
13:45 “Жаңа күн”
15:00 “Элвин мен алақоржындар”
15:15 “Айыпталушы”
16:20 “Жаңа қоныс”
18:00 Ш.Тілеулесовтің шығармашылық кешінен жинақ концерт
19:00 “Өзекжарды”
19:40 “Юридическая консультация”
20:00 “Мәслихат”
21:10 “Салық және халық”

Жұма, 19 сәуір

7:35, 23:35 “Сіз білесіз бе?”
8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости
9:00 “Хайди”
9:20 “Рэй бастаған құтқарушылар”
9:45, 22:25 “Қиялшы дәрігер Ким Сабу”
10:55, 20:20 “Таңдау”
11:40 “Мәртебелі мамандық”
12:00 “Өзекжарды”
12:40 “Өмір-өлең”
13:45 “Жаңа күн”
15:00 “Элвин мен алақоржындар”
15:15 “Айыпталушы”
16:20 “Жаңа қоныс”
18:00 Дәстүрлі орындаушылардың республикалық өнер фестивалі
19:00 “Ұлт саулығы”
20:00 “Алқа”
21:10 “Таңғажайып табиғат”
22:25 “Жастартime”

Сенбі, 20 сәуір

7:35, 10:20, 23:35 “Сіз білесіз бе?”
8:00 Жаңалықтар
9:00 Х/ф “Секер”
10:45 “Тақиялы періште”
12:00 “Ұлт саулығы”
13:00 “Алқа”
13:40 “Салық және халық”
14:00 “Жастықтың оты жалындап”
16:35 Облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың аймақ жастарымен кездесуі
17:05 С.Байсейітованың орындауындағы әндер
18:00 «Ақиқат алаңы»
18:30 “Марламқаш”
18:55 Телемаркет
19:00 “Жастартime”
20:00 “Ақсарай”
20:35 «Заң сөйлейді»
21:00 “Үштаған”
21:40 “Қайырлы кеш, Қызылорда!”
22:00 Х/ф “50 мәрте танысу”

Жексенбі, 21 сәуір

7:35 “Елім менің”
10:00 “Марламқаш”
10:25, 15:30 “Сіз білесіз бе?”
10:45 “Туған өлке”
11:00 «Ақиқат алаңы»
11:35 “Заң сөйлейді”
12:00 “Мәслихат”
12:30 “Ой-таным”
13:00 “Үштаған”
13:40 “Репортер ұсынады”
14:00 “Ұлы дала мұрасы”
16:00 “Қайырлы кеш, Қызылорда!”
17:00 “Әндер мен жылдар”
17:45 “Бизнес -бағдар”
18:00, 21:00 “Апта ағымында”
18:10, 21:10 “Қызылорда за неделю”
18:20 “Ақсарай”
19:00 “Емен -жарқын”
19:30 “Қазақстан тынысы”
20:00 “Сыр сүлейін сұрасаң...”
20:30 “Өмір-өлең”
20:40 “Юридическая консультация”
21:20 “Орда_Like”
22:00 Х/ф “Эквилибриум”.

ХАБАР

Бейсенбі, 18 сәуір

5:00 “Тамаша”
6:00 “Тобот”
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00, 18:00 “Мезгілсіз махаббат”
9:30, 18:30 “Шашу”
10:10, 21:20 “На крыльях любви”
11:10 “Білу маңызды”
11:40 “Қайсар жандар”
12:10 “Дом с лилиями”
14:00 “Тайны. Судьбы. Имена”
14:50, 23:30 “Батыл жүрек”
15:50, 0:20 “Мектеп”
16:25 “Өмір жолы”
17:00 “Народный контроль”
17:15 “Қарақатпен шай”
19:00, 23:00 Қорытынды жаңалықтар
19:30 “Журналистік зерттеу”
20:00 Итоги дня
20:30 “Бөрі”
22:10 “Ұлы дала өркениеті”

Жұма, 19 сәуір

5:00 “Тамаша”
6:00 “Тобот”
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00, 18:00 “Мезгілсіз махаббат”
9:30, 18:30 “Шашу”
10:10, 21:20 “На крыльях любви”
11:10 “Сені іздедім”
12:10 “Дом с лилиями”
14:00 “Тарих. Тағдыр. Тұлға”
14:50 “Батыл жүрек”
15:40 “Тағдыр тартысы”
16:10 “Бабалар ізімен”
16:30 “Сана”
17:00 “Біздің назарда”
17:15 “Менің арманым”
19:00, 0:15 Жаңалықтар
19:30 “Бетпе-бет”
20:00 Итоги дня
20:30 “Аптаның айтары”
20:40 Х/ф “Война Богов: Бессмертные”
22:30 Khabar boxing

Сенбі, 20 сәуір

7:45 “Өзін өзі тану”
8:00, 1:50 “Мен - чемпион”
8:30 “Юху и его друзья”
8:45 “Соленая принцесса”
9:45 “Марс”
10:30 “Тайны. Судьбы. Имена”
11:15 “Бір туынды тарихы”
11:45 “Сені іздедім”
12:30 “Жұлдызды жекпежек”
14:15 Х/ф “Война Богов: Бессмертные”
16:15 “Шашу”
18:15 “Қызық times”
19:15 “Миллион кімге бұйырады?”
20:00 “7 күн”
21:00 “Бокс стилі”
21:50 Профессиональный бокс. Прямая трансляция из Москвы

Жексенбі, 21 сәуір

5:00 “Ұят болмасын”
7:45 “Самопознание”
8:00 “Юху и его друзья”
8:15 “Индюки: Назад в будущее”
9:45 “Сделано из вторсырья”
10:15 “Тарих. Тағдыр. Тұлға”
11:00 “Қызық times”
12:00 “Қарақатпен шай”
12:45 “Миллион кімге бұйырады?”
13:30 Х/ф “Если свекровь - монстр”
15:20 “Бөрі”
18:20 “Жұлдызды жекпежек”
20:00 “7 күн”
21:00 “Большая неделя”
22:00 Х/ф “Области тьмы”
23:45 “Вишневый сезон”.

Евразия

Бейсенбі, 18 сәуір

5:00, 2:45 «Ән дария»
5:40 «Той заказ»
6:15, 17:00 «Басты жаңалықтар»
7:00 «Доброе утро»
10:00 «Штрафник»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «Карина Красная»
14:55 «Пусть говорят»
17:45, 1:45 «Бір сұрақ»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Невский. Проверка на прочность»

Жұма, 19 сәуір

5:00, 2:35 «Ән дария»
5:45, 17:00 «Басты жаңалықтар»
6:45 «Жұма уағызы»
7:00 «Доброе утро»
10:00 «Штрафник»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «Золотая парочка»
15:50 «Жди меня». 17:45, 1:35 «Заң сөйлесін»
19:00 «Главные новости»
19:45 «Поле чудес»
20:50, 23:00 «Московские тайны»
22:00, 0:50 «П@утіна»

Сенбі, 20 сәуір

5:00 «В розыске»
6:00, 2:00 «Тамаша city»
6:50 «Басты жаңалықтар»
7:40, 2:45 «Ұшқалақ»
7:50 «Мирт обыкновенный»
11:35 «Фабрика грез»
12:00, 22:00, 0:00 «П@утіна»
12:40 «Лучше всех!»
14:10 «В тесноте, да не в обиде»
16:00 «Вызов»
20:00 «Basty bagdarlama»
20:45, 1:00 «Кешкі кездесу»
23:00 «Другой мир: Войны крови»

Жексенбі, 21 сәуір

5:00 «В розыске»
5:55, 1:30 «Тамаша city»
6:45 «Basty bagdarlama»
7:30 «Ұшқалақ»
7:40 «Воскресные беседы»
7:50 «Старшая жена»
11:35 «Content»
12:15 «Жизнь других»
13:15 «Все о его бывшей»
15:00 «Вызов 2»
19:00 «Аналитика»
19:55, 1:00 «П@утіна+»
20:30 «Махаббатым жүрегімде»
22:20 «Подарок для Аллы»
2:15 «Тамада battle»

КТК

Бейсенбі, 18 сәуір

6.05, 18.30 Кешкі жаңалықтар
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.50 Новости
9.30, 20.40 “Лесник”
11.40, 22.35 “Тайная любовь”
13.30 “Восточные сладости”
15.35, 1.00 “Саодат”
17.00 “Махаббат пен жаза”
19.00, 2.35 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
1.20 “Сүйікті Дениз”
3.20 “Әйел қырық шырақты”
4.10 “Көріпкел”
5.00 “Мерекелік концерт”

Жұма, 19 сәуір

6.05, 18.30 Кешкі жаңалықтар
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.50 Новости
9.30 “Лесник”
11.40, 22.35 “Тайная любовь”
13.30 “Восточные сладости”
15.35, 0.40 “Саодат”
17.00 “Махаббат пен жаза”
19.00, 3.00 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
20.40 “Соседи”
1.50 “Сүйікті Дениз”
3.50 “Әйел қырық шырақты”
4.30 “Көріпкел”
5.20 “Мерекелік концерт”

Сенбі, 20 сәуір

6.05 Х/ф “Тосын сый”
7.20, 2.00 “Біздің концерт”
8.20 “Соседи”
12.45 “Процесс”
17.00 “Тамаша”
20.00 “Большие новости”
21.00 “От судьбы не зарекайся”
0.30 Х/ф “Махаббат азабы”
3.00 “Мерекелік концерт”
4.00 “КТК” қоржынынан”

Жексенбі, 21 сәуір

6.05, 3.40 “Тамаша”
7.20, 2.50 “Әнім сен едің”
8.30 “Юрмала”
9.30 “От судьбы не зарекайся ”
13.30 “Черная метка”
18.30 “Дау-дамайсыз”
19.00 “Аптап”
20.00 “Портрет недели”
21.00 “Слуги народа”
21.30 “Лидия”
23.50 “Я стесняюсь своего тела”
1.10 Х/ф “Қаңғыбас”
5.00 “КТК” қоржынынан”.

● Телебағдарламада өзгерістер болуы мүмкін ●

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (17-24) «Арысқұм кенішінде МАжАС-ты жаңғырту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-01-02) «Оңтүстік Құмкөл кенішіндегі №65, 66 ұңғымаларын электрмен қамту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ы (19-17-02) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішіндегі СТБ-2 және СТБ-3 электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекен-жайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-17) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішінде су айдау жүйесі. СТБ-2 және СТБ-3. СТБ-1 бекетінен СТБ-2 және СТБ-3 дейін 6” айдамалау коллекторын салу. №№49, 52, 61 ұңғымаларға айдамалау желісін тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-02-02) «Солтүстік Нұралы кенішінде №№231, 245 ұңғымаларын электрмен қамту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (15-21-02) «Караванчи кенішіндегі 25, 26, 27 ұңғымаларын және М-1 манифольдін электрмен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекен-жайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

Хабарламалар

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-16) «Батыс Тұзкөл кенішінде вахталық қалашықты (ВҚ) және қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) полигонын газбен жабдықтау» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

***

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-22) «Кетеқазған кенішінде мұнай және газ жинау жүйесі. №№11, 12, 14, 30, 31, 32, 35, 36, 37, 38, 39, 40 ұңғымалардан СП-1 спутнигіне 3” аралық құбырлар тарту. Спутник-1 құрылысы. Кетеқазған кенішіндегі спутник-1-ден Батыс Тұзкөл кенішіндегі ТҚ-1 топтық қондырғыға дейін 6” мұнайгаз кенішаралық коллекторын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-50-97.

***

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-26) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі 6кВ электр тарату желілері. №161, 177 (1сақина): 216 (2 сақина): 9, 317, 322, 335, 347 (5 сақина): 348 (6 сақина) ұңғымалары» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-50-97.

***

«ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (19-28-03) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі №№161, 177, 216, 317, 322, 335, 347, 348 ұңғымаларға баратын кірме жолдар» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: 8(7242) 29-50-97.

Бақұл бол, ардақты аға

Осы жылдың 14 сәуірі күні қаржы саласының ардагері, әріптесіміз Мамбетов Рысбек Бекзатұлы 67 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Рысбек Бекзатұлы 1952 жылдың 19 маусымында Қызылорда облысы, Жаңақорған қыстағында дүниеге келген. 1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітіріп, еңбек жолын 1972 жылы Жаңақорған ауданындағы №34 Өндірістік механикаландырылған колоннасында экономист болып бастап, көп жылдар облысымыздың әр саласында басшылық қызметтерде болды.

Еңбек жолының соңғы жылдары Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша басқармасының бас бақылаушы-тексерушісі, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары қызметін атқарды. 2005-2015 жылдар аралығында Қызылорда облысы бойынша Қаржылық бақылау инспекциясының басшысы қызметін абыроймен атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Ардақты әріптесіміздің сала қызметіне қосқан үлесі көп. Кейінгі жас мамандарға ақылшы ұстаз болып, өзінің біліктілігін үйретуден жалыққан емес. Артына еңбек өнегесін, өшпес ізін қалдырған ағамыз Отанға, елге жасаған қызметі үшін «Қазақстан Республикасының қаржы саласының үздігі» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарының иегері, «Нұр Отан» партиясының, ҚР Мемлекеттік қызмет агенттігінің, ҚР Қаржы министрлігінің және Қызылорда облысы әкімдігінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

Рысбек Бекзатұлы зайыбы Күлзипа Бақтайқызымен 2 қыз, 2 ұл тәрбиелеп, бірнеше немере сүйген бақытты ата болды.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы әріптесіміз Рысбек Бекзатұлының дүниеден озуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұжымы.

МАМАН ҚАЖЕТ

Жедел түрде экскаваторщик және автокрановщик мамандары қажет. Еңбек өтілі 1 жылдан кем емес. Байланыс тел.: 87013359650.

(3-1).

ЕЛОРДАЛЫҚ ТЕАТР – ҚЫЗЫЛОРДАДА

Нұр-Сұлтан қаласының Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры бір апталық сапарының алғашқы күні қызылордалық көрерменге «Қызыл орамалды шынарым» спектаклін ұсынған еді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Уақыт өзгереді, адамдар алмасады. Мейірім мен махаббат, тазалық пен сенім ше? Жоқ, олар өзгермейді екен. Себебі, дүниені ұстап тұрған, өмірді әдемі еткен күш – сенім мен махаббатта. Талғат Теменов режиссерлік еткен «Қызыл орамалды шынарым» көрерменге осындай ой тастайды. Бұл – әйгілі Шыңғыс Айтматовтың жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған «Арманым, Әселім» шығармасы.

Тянь-Шань тауының бөктеріндегі қырғыз даласында Ілияс пен Әсел ойламаған жерде кездесіп қалады. Ми батпақта көлік жөндеп жатқан аңғал жігіт алғашқыда Әселдің байпағын ғана байқап, «әже» деп айқайлаушы еді ғой. Кейіннен әдемі әрі ұяң, тым нәзік қызға айтар сөз таппай қысылатынын қайтерсіз?! Олардың махаббаты дүние мен елдің сөзін елең етпеді. «Менің үйім де, дүние-мүлкім де тек осы – көлік» дейтін Ілияс пен «осыдан өзге әдемі көйлегім жоқ» деп ұялатын Әселдің сөзі қандай шынайы?!

Бірақ отбасы бақыты үшін махаббат қана емес, барды бағалайтын мінез бен сенімге сызат түсірмейтін адалдық керек екен. Бұл Ілияс адасып, ішімдікке салынып, Хадишаны тапқаннан кейінгі түсінгеніміз. Ал Ілияс құс қанатты тұлпарына балайтын Саматы өзгені әке дегенде ғана ес жиды. Иә, бұл кезде Әселдің жары да, Саматтың әкесі де – өзі емес.

Қойылым соңында «мен сені күттім ғой, қарай-қарай көзім талды ғой. Бірақ сен емес, ол келді. Ол сондай аққөңіл, мейірімді адам» деп егде кісімен отау құрған Әселдің даусы қандай шарасыз. Осының бәрін есіне алып, «достар, одан да билейікші» деп қырғыз әніне күйініп билеген Ілияс қандай мұңды...

Театр сапардың екінші күнінде С.Тұрғынбекұлының «Шәмші» элегиясын сахналады. Бұдан бұрын Шәмші жайлы «Сыған серенадасын» тамашалағанбыз. Бірақ бұл жолғы Шәмшінің мұңы да, ойы да бөлек екен. Иә, Нұркен Өтеуіл сахнаға әлемі мөлдір, санасы азат, рухы өр Шәмшіні жарқыратып алып шықты, сөйтті де өзіндік үнімен, сазгердің қайталанбас әнімен зал толы көрерменнің санасын жаулап алды.

Нұр-Сұлтаннан келген театр Сыр елінде тағы бірнеше күн өнер көрсетеді. Кеше Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» драмасы сахналанды. Ал, алдағы күндері Р.Кунидің «Туған күн» комедиясы, Рақымжан Отарбаевтың «Әміре» драмасы, ал гастрольдік сапардың соңғы күні Мұхтар Әуезовтің «Қараш-Қараш» әлеуметтік драмасын ұсынбақ.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болшаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көрсетілген ұлт өнерін ұлықтауға арналған игі шаралардың бірі Қызылордадағы ипподромда өтті. Маусымашар ат спорты жарыстарына Ақтөбе, Түркістан, Жамбыл облыстарымен қатар Шымкент қаласынан және өңір аудандарынан жүйрік жаратқан сейістер жиналып, ұлттық сара сайыстың думанын қыздырды.

АТ СПОРТЫ: СЫРДЫҢ ДАҢҚЫ АРТЫП ТҰР

Айту керек, Қызылорда облысы қазір ат спорты бойынша алға озып тұр. Облыстық ат спорты федерациясының пәрменді еңбегі мен төл өнерге деген ынтызар қауымның ықыласы талай айтулы додаларда Сыр елінің абыройын көтеруде.

Маусымашар салтанатты облыстық ат спорты федерациясының президенті Айтбай Көшербаев ашты. «Атыңыз бәйгелі, есіміңіз әйгілі» болсын дегендей, алыс-жақыннан келген қонақтарға алғыс айтып, облыстың ат спортындағы бірқатар жетістіктерді баян етті.

Аталы жолмен бата беріп бәйге бастау ежелден бар үрдіс. Сол дәстүрмен жарысқа да кезек берілді. Түйініп алып тай мінген қаршадай шабандоздар жұрт алдымен жүріп өткенде ерекше бір сән түзеді. Осы арада жылт еткен ой: қазақтың қазіргі бәйгесі баяғы жабы жортып, шабан шабатын бәсеке емес. «Жүзіктің көзінен өткендей» жұтынып тұрған кіл жүйрік. Әйгілі ағылшын, не болмаса араб тұқымы. Қолтума аз, есесіне, осы айтқан «таза қанды» жылқыңыз қазіргі нарықта аспандап-ақ тұр. Қолың жетсе бапта, бақ...

Осы жолы тай жарысқа жиырмаға жуық үміткер қатысты. Бас-аяғы 3 шақырымдық жолды әп-сәтте еңсеріп өткен жүйріктер, шын мәнінде, кіл мықтылар екен. Сол мықтылар арасында қызылордалық Серікбол Боташовтың «Шанелі» қара үзіп, дара келді. Екіншіні шымкенттік Қалмахан Кендербаевтың «Ғажайыбы» алса, жамбылдық Сәдірбай Жамбылдың «Көкдауылы» мәрені үшінші болып кесті.

Құлпырған құнандар да қиқуға басқан қауымға аз шабыт сыйлаған жоқ. 7 шақырымдық бәйгеде жамбылдықтардың мерейі үстем болды. Әлібек Жұмабектің «Қарагері» топ жарды. Екінші жүлде қызылордалық Бердібек Мыхановтың «Айтолқынына» бұйырды. Ал, үшінші орынды шымкенттік Жеңіс Тоғызбаевтың «Жұлдызай» атты байталы еншіледі.

Бәйге атаулыда аламанның жөні бөлек. Аттың аты шабатын, бапкердің бағы сыналатын нағыз бәсеке. Бір байқағанымыз, «Қызылордада бәйге болады» десе, қазір қазақ елінің түкпір-түкпіріндегі сейістер елеңдемей тұрмайды. Өткен жылы қаланың 200 жылдығына ұйымдастырылған ат жарыстың дақпырты әлі күнге басыла қойған жоқ. Осындай ұлт өнерін нақышына келтіре көрсетуге қалалық ипподромның лайықты болып тұруы жетістік деп бағалаған жөн.

Сонымен, аламанға қырыққа жуық ат қатысты. Айналманың апшысын қуырып, соңғы сәтке дейін тобын жазбай жүйткіген жүйріктер шешуші шақырым таяғанда ыдырап сала берді. Сол екен алдыңғы төртеуден арындап алға озған қызылордалық Бердібек Мыхановтың «Зарина» атты күреңі мәреге дара келді. Екінші және үшінші орын алматылық Ұлан Омаровтың қос бірдей «Алатауы» мен «Беріктасына» бұйырды.

Осылайша, ұлт өнерін ұлықтауға арналған маусымашар шара Елбасының баянды бастамасына үн қосып, елдің рухын көтерді.

Жеңімпаздар ақшалай жүлдемен марапатталып, оның да өзіндік жоралғысы салтанатты түрде өтті.

Байқайсыз ба, әлгі айтқан атақты ағылшын, не араб жылқысын қанша зор, қанша жылдам болса да қаршадай қазақ баласындай жайдақ шабатын ел некен-саяқ. Сірә, бұл да ұлы даланың ұлағаты болар...

Қ.НАРКЕН.

СӘСКЕДЕ САУМАЛ, БЕСІНДЕ ҚЫМЫЗ САПЫРҒАН

Апай әңгімесін былай бастады:

– Әкем Мекембай бұрынғы Оңтүстік Қазақстанның Отырар ауданына қарайтын «Овцевод» совхозында түйе бақты. Қазір бұл ауыл «Маяқұм» деп аталады. Совхоз тараған соң ол кісі «Аруана» шаруа қожалығын құрды. Негізі біздің қазіргі өнімдеріміздің шығып отырған көзі осы әкемнен қалған мал. Бүгінде бауырларымда мың түйе, мың жылқыдан бар.

Мен жастайымнан малдың, әсіресе түйе мен жылқының жайын көріп өстім. Шешемнің жанында жүріп, түйе сауды, бие байлауды, қымыз ашытуды, айран пісуді үйренгенмін. Бұрын қазақта бәйбішенің беделі қымызды қалай дайындайтындығымен өлшенген. Келе-келе бұл кәсіп белгілі адамдардың ғана қолында қалды.

Бойжетіп, Жаңақорған ауданының Нәнтай есімді азаматымен бас қостым. Күйеуім ол кезде шопан еді, мал жай-күйіне қанық болатын. Бірақ, заманның өткелегінде совхоз малдан, мал бізден ажырады. Сөйтіп, екеуміз нарық заңына бейімделуді бастадық. Ақша ауысатын жылы Қапшағай жақта кәуап саттық. Одан Ақтауға бардық, қайтып Шымкентке келдік. Жүрген жеріміздің бәрінде кішкентай балаларымызбен пәтер жалдап тұрдық. Осылайша, баяғыда артық затымызды бұлдауға ұялып тегін беретін басымыз саусағының арасынан тиын түсірмейтін саудаға төселдік. Алайда, жасымыз ұлғайғасын, ел кезе бермейік деп «Көлқұдықтағы» үлкен шаңыраққа оралдық.

Сосын бәрін былай қойып, шешемнен үйренген қымыз дайындау ісіне кірістім. Ал, шикі өнімді әкемнің інілерінен, бауырларымнан сатып алып отырдым. Осы бүгін де солай, басқа тапсырыс берушілермен бірге күн сайын ақшасына алып, көлікпен үйге әкеліп, биенің сүтін қымызға, түйенің сүтін шұбатқа, сиырдың сүтін айран мен құртқа айналдырып қалаға қарай аттандырамыз.

– Қаладағы кәсіп қай кезде басталды?

– Осыдан бес жыл бұрын қалада тұратын сіңлімнің баласы қатты ауырып қалды. Дәрігерлер оны ақ қан ауруы, бұған күшіміз жетпейді деп дәрменсіздік танытыпты. Сол сіңлімнің өтінішімен балаға саумал таси бастадым. Ақыры келіп жүрмін ғой деп тек саумал емес, ақша қылмақ оймен қымыз бен шұбатымды да әкеліп жүрдім. Сонымен, бала екі ай саумал ішті, оған қоса боза істеп бердім. Әуелі Алла, сол баланың қырықтан түспейтін дене қызуы басылып, құлантаза жазылып кетті.

Ағарғанның пайдасын көрген сіңлімнің үйі де кейін қымыз сатуға шықты. Мен орын ауыстырып, Жеңіс көшесіндегі бір үйдің ауласын жалға алып, қараша үй тігіп, кәсібімді жалғастырдым. Күн сайын ақша түсіп тұрғанын көрген олар да жалға алатын ақысын өсіріп жіберген соң, осы орнымызға келіп тұрдық. Сосын сол үйдің өзі де қымыз саудасына кірісті.

Қоныс аударған біз жақсы адамдарға кездестік. Қанша уақыттан бері саудамызға қолайсыздық тудырған емес.

– Қымыздың қандай түрлерін дайындайсыз? Жаңа боза деп қалдыңыз, ол қандай сусын, қалай істеледі?

– Бұл шипа сусынның саумал, уыз қымыз, бал қымыз, сірге жияр қымыз, сары қымыз деген бірнеше түрі болады. Соның бәрін де жасаймыз.

Саумал – бие сүтінің жаңа сауылған, өңделмеген түрі. Ол барлық ауруға пайдалы, әсіресе құрт ауруының бірден-бір емі. Бал қымыз бал, қант, өрік-мейіз қосылып ашытылған қымыз, ол көбіне балаларға, жас босанған әйелдерге беріледі. Сірге жияр күздігүні бие ағытарда бірнеше күн жиналған қымыз, сірге жиярға көпшілікті шақырып, бөліп ішетін салтымыз бар. Уыз қымыз бие сүтінің уыз дәмі тарамаған кезде ашытылған қою қымыз. Ол май қымызы деп те аталады. Сары қымыз жаздың ортасында дайындалады, көп шайқалып, көп пісіледі де, ірімшігі жақсы жазылып, ашуы білінбей, күші бойына сіңеді. Шипалық қасиеті жоғары. Жалпы, қымыздың емдік қасиеті көп, ол белсіздікке, бедеулікке ем, қан тамырын артық заттардан тазалайды, бүйрек пен бауыр жұмысын жақсартады.

Ысталған күбіге піскенде қымыз дәмі ерекше болады. Күбіні киікотымен ыстаймыз, оған қойдың құйрығын салып қоямыз. Осы күбімен піскен қымыздың бетінде түйір-түйір қара май қалқып жүреді. Бірақ, қымыз ішіп үйренбеген жұрт оның бұл түріне құмар емес.

Боза дегеніміз де – пайдалы сусын. Оны жасау үшін алдымен тары мен бидайды будандастырып егеді. Осы тәсілмен өскен шөпті уытқы немесе қорабасы дейді. Қорабасыны шикі тарының қайнаған суына салып, түнімен бетін жауып қояды. Ол азанда бабына келіп ашып тұрады. Мың да бір кеселдің емі боза осылай өмірге келеді.

– Қымыз қандай жағдайда бұзылады, жалпы оны қанша уақыт сақтауға болады?

– Қымызды жерге көміп жылдап сақтауға болады. Бір жылдық, екі жылдық, үш жылдық қымыз болады. Ал, шұбатты өйтіп сақтай алмайсың. Қымыз салқында тұрса бұзылмайды, сақталған сайын қуатын арттыра береді.

– Қазір бұл кәсіппен балаларыңыз айналысып отыр ма?

– Ауылда, қолымда бір балам мен келінім бар. Олар ағарғаннан түрлі өнім жасайды. Күніге 40 литрлік 4-5 күбі пісіледі. Келінім екеуміз қымыз ашытып, құрт жаямыз, айран пісіп, май шайқаймыз, ірімшік қайнатамыз. Ал, екінші ұлым мен келінім осы қалада, сол өнімдердің сатушысы.

– Көмек алу, көмек беру жағы қалай?

– Кіші кәсіпкерлікпен айналысқандарға мемлекеттік қолдау бар дейді, біз оған талпынбадық. Өз күшімізбен келе жатырмыз. Егер қолдау көрсетіліп жатса, әрине, жақсы болар еді. Ал, беру жағына келсек, талай мұқтаж, жағдайы төмен жандарға тегін қымыз береміз. Қаншама ауру жандарға қол жәрдеміміз тиіп жатыр. Балаларыма да үнемі айтып отырамын. Алдыңа келген адамның жағдайына қара, жылы жүзбен, жұмсақ сөзбен қарсы алып, шығарып сал деймін.

– Апа, әңгімеңізге рахмет. Қазір қымыз сатушылар да, тұтынушылар да көбейіп келе жатыр. Менің Мамыр інім сонау Жезқазғаннан алдырып сатады. Пайдасы үшін ғана емес, жұртқа шарапаты тию үшін. Бұл сауабы мол кәсіп қой.

Құдай қолдасын сізді, халыққа жасаған қызметіңіздің өтеуі мол болсын!

1-бет

БАҚҰЛ БОЛ, АРДАҚТЫ АНА

Кеше әулетіміздің ардақтысы, балаларының аяулы анасы Рәзия Есенгелдіқызы Исабаева фәниден озды.

Анамыз Рәзия Есенгелдіқызы 1927 жылдың 15 шілдесінде Шиелі ауданына қарасты 1 Май ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1941 жылы Түркістан қаласындағы педучилищеге түсіп, 1944 жылы Қызылорда қаласындағы педучилищеде оқуын бітіріп Сырдария ауданындағы Ломоносов атындағы орта мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастаған. 1948 жылы әкеміз Зинабдин Ертуғанұлы Мәмбетовке тұрмысқа шығып, 1953 жылы Қызылорда қаласындағы пединституттың сырттай бөліміне түсіп, тарих факультетін бітірген. Әкеміздің қызмет бабына байланысты Жаңақорған, Сырдария, Теренөзек, Қазалы аудандарына қоныс аударып, орта мектептерде тарих пәнінен сабақ берген. 1975-1990 жылдары Қызылорда қаласындағы №140 орта мектебінде шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, құрметті зейнет демалысына шыққан. "Қырық жыл мұғалім болсаң да, қырық бес минуттық сабағыңа дайын бол" дегендей, күні-түні білім берудің деңгейін көтеруге күш жұмсап, шәкірттерінің алдында беделді, ұжымында абырой биігінен көріне білді. Білім саласына қосқан үлесі үшін "ҚР Білім беру ісінің үздігі" атанып, "Еңбек ардагері", "Ерен еңбегі үшін" медальдарымен марапатталған.

Аяулы анамыз бала жанының бағбанына айналған қырық бес жылдық ұстаздық жолындағы ең жоғары баға – елдің ыстық ықыласына бөленді. Тәлімді тәрбиесін алған шәкірттері бүгінде әр салада қызмет атқаруда және әзиз анамызға деген құрмет-қошеметі мен сыйластығы ешқашан суыған емес.

Шаңырағымыздың берекесі, ағайын-туыстың қамқоршысы болған анамыз өмірге біздерді – бір ұл, екі қыз әкеліп, жоғары оқу орындарында оқытып, текті тәрбиесін беріп, 8 немере, 4 шөбере сүйді. Күн нұрындай сәуле шашып, жаныңды рахатқа бөлейтін жылы сөзі, әрбір айтқан баталы сөзі ұмытылмақ емес. Әзиз анамыздың шексіз қамқорлығымен жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі әрдайым жүрегімізде сақталады.

Бақұл бол, ардақты ана, асыл жан.

Мәмбетовтер әулеті.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет екенін жазады.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН ЖОЛ

Сонымен қатар, экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермегенін, бүгінгі жаңа атаулар ертеңақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ басқанымызды, бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жететінін атап өтеді.

Осыған орай, Қызылорда мемлекеттік университеті оқытушыларының ұйымдастыруымен қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының негізінде біршама жұмыстар жүргізілуде.

Тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдай жасалды.

Әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік бар.

2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерге осы оқулықтарды пайдалану арқылы білім беріліп жатыр. Әсіресе, «Кәсіпкерлік», «Менеджмент» пәндерін оқытуда осы оқулықтарды пайдалану арқылы кәсіпкерлікке тәрбиелеудің жолдарын үйретуде.

Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз керек.

Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық – рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім – тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың негізі, ел дамуының бастауы.

Бүгінде «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы жүйелі іске асып жатыр. Осыған орай шағын несие беру аясын кеңейтіп, кәсіпкерлерге кепілдік жасау және қызмет көрсету тетіктерін белсенді пайдалану керек.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті кәсіпкерлікті дамыту мәселесі бойынша бірқатар бағыттарда жұмыстар атқарып отыр.

Қазіргі таңда барлық мамандықтар бойынша «Кәсіпкерлік негіздері» атты пән оқытылуда. Басты мақсат – құрылыс, ауыл шаруашылығы, педагогикалық бағыттар және басқа да салалар бойынша оқып жатқан студенттерге кәсіпкерліктің қыр-сырын үйрету.

«Кәсіпкерлік» пәнін оқытуда студенттерге жалпы бизнес-жоспар құрылымы, бизнес этикасы, бизнестегі қаржылық сауаттылық, алынған қаржыларды қайтару мәселесі қарастырылады.

Бизнес-жоспар – кәсіпкерлікке байланысты басқарушылық шешімдерді кешенді, жүйелі түрде түсіндіретін, алдына қоятын мақсаттарды және одан шығатын міндеттерді анық көрсететін, сыртқы және ішкі жағдайларды объективті тұрғыда бағалайтын, мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды анықтайтын, берілген шешімнің тиімділігін дәлелдей алатын құжат.

Бизнес-жоспар жасауда төмендегі сұрақтарға баса назар аударылғаны жөн:

• Сізге қанша құрал қажет?

• Сізге берілген ақша қалай жұмсалады?

• Сіз өз өніміңіз немесе қызметіңізді қай жерде және қалай сатасыз?

• Өз инвесторларыңызға ақшаны қалай қайтарасыз?

Өңірде кәсіпкерлікті дамыту үшін тұрғындарды бизнес жүргізу мен қаржылық сауаттылыққа үйрету, жоғары, орта оқу орындарында жаппай кәсіпкерлік білім беруді қолға алу және барлық оқу орындарында «Студенттік бизнес инкубатор» орталықтарын ашу аса маңызды.

А.МҰҚАНОВА,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ «Экономика және менеджмент» кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТЕДІ

Ағымдағы жылғы 21 сәуір күні Сырдария ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс орталығының төмендегі мөлтек аудандарында **ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі** өткізілетіндігін хабарлайды. Жәрмеңке өткізу уақыты 09.00-ден 13.00-ге дейін.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесінің бойы (Реалбаза алды)

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17,
40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
рухаият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29258
Тапсырыс №594

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор **Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**